

Түсіпбекова Ш.М. аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

УДК 745/749

## ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАҒЫ ИНТЕРЬЕР ЖӘНЕ ТҮСТІҢ ПСИХОЛОГИЯҒА ӘСЕРІ

*В статье рассматриваются актуальные проблемы современного интерьера в национальном стиле и влияние цветов на психологию человека.*

*In the article the issues of the day of modern interior in national style and influence of colors are examined on psychology of man.*

Интерьер — пәтердің белгілі бір ретпен қалыптастырылған әрі сәндеп жабдықталған ішкі кеңістігі. Пәтер интерьерін қалыптастыруда оның сәулеттік шешімі және құрылыс жабдықтары: бөлменің саны мен өзара ыңғайластырылуы олардың көлемі мен габариті, терезе мен есіктің, үй жылытатын радиаторлардың, жапсарластырып салынған шкафтың, санитарлық аспаптардың, асханадағы ыдыс-аяқ жуғыш және газ не электр плитаның т.б. орналасуы елеулі роль атқарады. Пәтер интерьері тұрмыстық аспаптардан, машиналар мен жарық түсіретін құралдар мен жиһаздан құралады.

Интерьерді жабдықтаудың қажетті шарты — қолайлылық пен әсемдік болып табылады. Интерьердің барлық элементтері өзара әдемі үйлесуі, ал интерьер бүтіндей алғанда бірін-бірі толықтырып, көз тартарлық әсем болуы тиіс. Пәтерді жабдықтарда үйге қандай заттар қажет, оларды қай жерге және қалай орналастыру, әшекейі мен түсі, бөлменің әшекейі мен болуын өзгерту-өзгертпеу туралы мәселені алдын ала ойластыру керек.

Кез келген интерьер қалың көпшілікке есептелініп жасалады. Қазіргі заманғы интерьерде түстердің алатын орны өте қомақты. Интерьер сонымен қатар түстердің адам баласының, әсіресе балалардың психологиясына әсері мол. Күрделі емес қарапайым интерьер бала психологиясына жайлы болады. Жылдап, айлап емес күн сайын өзгеріске еніп жатқан заманауи интерьердің қазіргі ерекшелігі де осы қарапайымдылығында.

Озық үлгідегі интерьерлер бөлмелерді әсіресе әшекейлеуде шектен тыс жылтырақтан сақ болу керек.

Үй интерьері ерекше детальдардан құралады. Ал оларды еш шығынсыз, өз қолыңыздан жасауға болады. Қолөнер қазақ халқында өте жақсы дамыған. Ертеде әжелеріміз, ана-әпкелеріміз бірге отырып, іс тігіп, кілем тоқып, құрақ көрпе

жасаған. Бірақ ол кезде бұл нақты қажетіне қарай жасалса, бүгінде құрақ көрпе - интерьерді толықтыратын таптырмас құрал. Сондықтан, көзі тірі әжелеріңізден қолөнердің қыр-сырын үйрену парызымыз деп ұғамын. Ою-өрнекке толы төл өнеріміз бола тұра, ұлттық болмысты дизайнмыздың келбеті «мынандай еді» дейтіндей нақты бір ізге түсе қойған жоқ. Көбімізге жақсы танысы – итальян, ағылшын, грек стильдері. Жаңашыл бағыттағы модернизм, ар-деко, кантри дегендері де бар. Ал қазақтың ұлттық нақыштағы дизайны ше?... Көбіміздің күмілжитініміз анық. Интерьердің иісі мұрынымызға келмейді емес, ұлттық нақышты дизайн өнеріміз бояуға бай. Бірақ бүгінгі күнге бейімдей алмай жатқан сияқтымыз.

Интерьер жайында жазып көбірек ізденістер жасап, студенттерді баулуымыз қажет.

Қазақтың киіз үйінің ішкі көрінісі бүгінгі кез келген стильден артық. Олай дейтінім, біздің қазақы интерьер қонақжайлылықты, кеңдікті, дархандықты көрсетіп тұрады. Ал қазіргі көптеген жаңа типтегі үйлердің төрі қайсы екенін білмейсің кейде. Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы ғой. Ішіне жарық жақсы түседі, шеңбердегі ауа айналымы да талапқа сай. Оның мәнін, пайдасын дұрыс ұғынбайтындар мұрын шүйіре қарайды. Шаңырағы – күн, уықтары одан тараған нұр іспеттес, отбасымыз күндей жарқырап, ұрпағымызға нұр құйылсын деген мағынаны білдірсе керек. Киіз үйдің өзін, ішкі келбетін қазіргі сәулетімізден көргіміз келіп-ақ тұрады. Алайда негізгі үлгісін, ұлттық ажарын жоғалтып алмасақ болғаны. Ұлттық дизайнмызды насихаттау, дамыту біз секілді ұлтжанды азаматтардың міндеті – деп түсінемін. Қазір ұлттық дизайн саласы бойынша жастарға көбірек насихат жасауымыз қажет. Балаларымыздың көзінде болған қасиетті өнерді ұмыт қалдырмай, өркендету керек

деп санаймын. Елімізде дизайн саласы біртіндеп дамып келеді. Негізі, дизайн экономиканың көзі, керек десеңіз идеология да. Қазақтың дизайны дүние жүзіндегі прогресті дизайн. Киіз үйдің өзі дизайнның классикалық формасы. Қазақтың ұлттық оюлары бар үй бұйымдары еш елде жоқ. Соны дамыту үшін, бүгінгі заманға сай ету үшін оған қажырлы еңбек қажет. Жастарымызды ұлттық нақыштағы түрлі интерьер үлгілерін істеуге үйретіп, ұлтшылдыққа баулуымыз керек. Болашақта олар өз тапсырыс берушілеріне ұялмай ұлттық нақыштағы дизайнды яғни интерьерді ұсына алады. Негізгі бағыт – қазақша безендіруге көп көңіл бөлу болып табылады. Өйтсе де, дәл кәзіргі уақытта, ұлттық мәнерлі интерьерге қызығып, иық сірестіріп кезекке тұратындар жоқтың қасы. Ең жоқ дегенде ұлттық нақыштағы біраз зат болса да көңілің тоқ болар еді. Ақырындап өзгеріс енгізуге кірісетін болсақ алдымен, үйді жылдар бойы тұратын артық заттардан тазарту керек. Онсыз сіздің жасаған өзгертулеріңіз ешқандай нәтиже алып келмейді. Сіздің айналаңызда тек өзіңізге ұнайтын заттар ғана болу керек. Егер сіз айналаңызға қарайтын болсаңыз көптеген өз орны жоқ артық заттар табылады. Өз үйіңіз - сіздің ішкі әлеміңіздің айнасы секілді. Сондықтан, үйді ретке келтіре отырып, сіз өз ойыңызды да ретке келтіресіз. Үйіңізде гармония мен жайлылыққа қол жеткізу үшін бұрын істеуге тиіс болған немесе кейінге шегерілген яғни өзіңіздің ойыңызға алған бір затыңызбен толықтыруға болады. Мысалы ұлттық нақышта оюланған жастықшалар, оюлы көрпе, орындық үстіне арналған көрпешелерден ақ бастаңыз. Ұлттық нақышта жасалған әр бұйым көтеріңкі көңіл күй қуанышты сезім сыйлары сөзсіз. Өзіңізді жақсы сезіне бастайсыз, себебі, таза, көзге жылы көрінетін үй әр адамның көңіл-күйін жайландырады. Төменгі суреттерден қазақы ұлттық нақыштағы интерьерлерді көруге болады.

Қонақ бөлмесі интерьеріндегі түс. Егер қонақ бөлмесі кішірек болса кең етіп көрсететін түстерді қолдануға болады. Мысалы ақшыл жасыл, ақшыл сары, көк-сұр, маржан түстес түстерді пайдаланамыз. Ал егер керісінше бөлме тым кең болса онда неғұрлым жұмсартылған қанық түстерді қолдануға болады.

Жатын бөлмесі интерьеріндегі түс. Бұл бөлмеде жылылықты сезіну үшін дәстүрлі ашық жайлы түстер қолданылады. Ал жылы қоңыр, қою-көк, қою-күлгін түсті көрпе

жамылғыларын және ашық түсті жиһазбен еден кілемдерін қолдануға болады.

Ас бөлмесі интерьеріндегі түс. Бұл жерде көбіне жылы түстер қолданылады. Қызыл, сары, қызғылтсары және осыған жақын түстер асқа деген тәбетіңді ашады. Сонымен қатар жиһаздарда және еденге де осы жылы түстерді қолданған жөн. Ас үй барлық отбасы мүшелерінің жиналатын орны болып саналады. Ал, ас үйдің қонақ күтетін орнының кең болуы сәйкесінше көп қонақ күтуге мүмкіндік береді. Безендіру жағына келетін болсақ, бұл сұрақты отбасы мүшелері өзара мұқият шешіп, жауапкершілікпен қарауы тиіс. Ас үй өте ыңғайлы да көп мүмкіндігі бар болуы тиіс, ең бастысы қол жетімді бағада болуы керек.

Жуынатын бөлме интерьері. Жуынатын бөлме кішірек болатын болса ақ түс аралас жұмсақ ақшыл түстерді қолданған абзал. Ал жуынатын бөлме кең болса қорықпай қанық түстерді қолдануға болады.

Балалар бөлмесі интерьері. Екі жасқа толмаған балалар бөлмесіне жұмсартылған қанық түстер пайдаланамыз. Баланың жасы өскен сайын жарық та көңілді бөлмеге айналуы керек. Бөлме қабырғасына ақшыл-сары түс өте үйлесімді болады. Баланың көңіл-күйін көтеріп жайлылық сездіреді. Сонымен қатар интерьерге қосымша ашық түсті жастық, қабырға газеті, ойыншық машина немесе ұшақ модельдерімен, жұмсақ ойыншықтармен толықтыратын болсақ баланың жанына тіптен жақын болады.

Түс адам физиологиясы мен психикасына әсер ететіні ежелден белгілі құбылыс.

Түстерді таңдау - қиын нәрсе. Бұл - жауапты міндет. Әсіресе балалардың көзі шаршамас үшін балалар бөлмелеріне жөндеу жұмыстарын жасағанда түстердің жеңіл түрлерін қолданған жөн. Қыз балалар бөлмесін көбіне ақшыл қызыл, ақшыл жасыл түстерді пайдаланса, ал ер балалардың бөлмесіне ақшыл көк, ақшыл күлгін түстерді көбірек пайдаланады. Балалар бөлмесі сонымен қатар жарық болуы тиіс. Балалар өскен сайын бөлме интерьерінің түстері де қоюлана түседі. Интерьердегі түстерге тоқталатын болсақ:

Интерьердегі қызыл түс - адамға әсері өте жоғары. Қоздырғыш, белсенділікті арттыратын, жылытатын, өмірге деген құштарлықты, күш-қуатты, сенімділікті арттыратын түс. Қызыл түс жылылықтың белгісі. Сондай-ақ қызыл түс бөлмені кішірейтіп және төмендетіп көрсетеді.

Сонымен қатар көру мүшесі арқылы қабылданып, адам ағзасының барлық мүшелерінің жұмысын жандандырады (Сурет 1).



Сурет 1 - Қызыл түсті шешімдегі интерьер

Интерьердегі қызғылтсары түс – адам энергиясымен көңіл-күйдің көтерілуіне әсері мол, жандандыратын түс. Қызыл түс әсер ететін бағытта әсер етеді. Бірақ, қызылға қарағанда саябырлау, қажырлықты арттырады, еңсені көтереді.

Интерьердегі сары түс – спектрдегі ең ашық түс, күн сәулелі түс. Жайлылық атмосферасын беретін түс. Сары түсті балалар бөлмесінде көбірек қолданады, өйткені балалардың ойлау қабілетінің дамуына зор ықпалын тигізеді. Сондай-ақ жандандыратын түс, көңіл күйді көтеретін, ас қорытуды жақсартады, қимыл – қозғалысты жақсартады, адамды шаршатпайды. Сонымен қатар сары түс бөлмені кеңейтіп көрсетеді (Сурет 2).



Сурет 2 - Қонақ бөлмесінің интерьері

Интерьердегі жасыл түс – қалыпты көзге үйреншікті түстің бірі, адамның көңіл-күйіне жағымды әсер етеді. Жасыл түс сонымен қатар қалыпты жағдайды қалыптастырады. Қажырлықты, қайраттылықты, табандылықты, өмірдегі

қиыншылықтарға қарсы тұратын қасиетке ие. Жасылға жақын түстердің барлығы да жеңіл және қуанышты атмосфераны, көтеріңкі көңіл-күй беріп тұрады (Сурет 3).



Сурет 3 - Ашық түстегі жатын бөлмесі

Интерьердегі көгілдір түс- тыныштыратын түс, сергітетін, шыдамдылыққа баулитын, салқындатқыштық қасиеті бар. Бұл түс көк аспан, тұнық судың, қарлы шыңның түсі. Бұл түсті көбіне жұмыс орындарына қолданады. Бұл түстегі интерьер кең болып көрінеді (Сурет 4 ).



Сурет 4 - Көк түсті шешімдегі интерьер

Интерьердегі көк түс – суық түске жататындықтан интерьерде көп қолдана бермейді. Тек аз мөлшерде әр жерде қолдануға болады.

Интерьердегі күлгін түс - қызыл мен көктің қоспасы. Күлгін түс ауыр түстердің қатарына жатады сондықтан интерьерде көп қолданбауға тырысады. Бірақ күлгін түстің ашық түрлері интерьердің көркін келтіреді (сирень гүлдері түстес) сергітетін әсер қалдырады. Театр интерьерінде креативті көңіл-күй орнатады. Бұл түсті көбіне өнер адамдары және суретшілер өз шеберханаларына қолданады.

Интерьердегі ақ түс - көңіл күйді жады-


ратытын, тазалық сезімін тудыратын қасиетке ие. Ақ түстің қосындысын яғни ақтың көкпен, сарымен, қызғылтсарының қосындысы-жастардың интерьерін энергиясы көп адамдардың бөлмелеріне осы түстерді көбіне қолданады.

Интерьердегі қара түс – түннің түсі, жұмбақтық пен салтанаттылық, стиль, байлық пен биліктің түсі. Қара түс ұстамдылық, байыптылық сезімдерін тудырады. Мөлшерден тыс тым көп қолданған жағдайда көңіл күйге ауыр әсер етеді және сол жерді тарылтып көрсетеді.

Интерьердегі сұр түс - тыныштық сезімін тудырады. Тым ұзақ қолданылса көңіл күйді түсіріп, амалсыздық сезімін тудырады. Бұл түсті қолданғанда да абай болған дұрыс. Неғұрлым ақшыл түстерін қолданған дұрыс болады.

Интерьердегі қоңыр түс - жайбарақаттық

сезімін тудырады, тым ұзақ әрі көп мөлшерде қалданылса көңіл-күйді қамсыздыққа әкеледі (Сурет 5).



Сурет 5 - Қоңыр түстегі жатын бөлменің интерьері

Интерьермен жұмыс істеген кезде адам мінезіне жақын түстерді және стиль жайлы ұмытпаған жөн.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Холмянский Л.М., «Популярная художественная энциклопедия». М., 1986.
2. Шипанов А.С. «Дизайн». М., «Просвещение» 1985.
3. Иттен И. Искусство цвета. – М.: Искусство, 2002. – 203 с.
4. Ефимов А.В. Формообразующее действие полихромии в архитектуре. – М.: Стройиздат, 1984. – 168 с.
5. Фридлиг Г., Ауэр К. Человек-цвет-пространство. – М.: Стройиздат, 1973. –141 с.
6. Волков Н.Н. Психология искусства. – М.: Просвещение, 2001. – 206 с.
7. Миронова Л.Н. Колористика. Библиотека дизайнера. [www.sreda.bum.ru/libr.htm](http://www.sreda.bum.ru/libr.htm)
8. Энциклопедия дизайнера. – М.:Искусство, 2003. – 364 с.

---

Рахимжанова С.К., старший преподаватель ЕНУ им. Л.Н.Гумилева

УДК 519.2

## ПРИМЕНЕНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ЛАБОРАТОРНЫХ ЗАНЯТИЯХ ПО ТЕОРИИ ВЕРОЯТНОСТЕЙ И МАТЕМАТИЧЕСКОЙ СТАТИСТИКИ

Берілген мақалада ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика оқыту курсына тәжірибе сабақтарды өткізу барысында ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану мүмкіндіктері көрсетілген. Ықтималдық статистикалық әдістерді әр түрлі бағдарламалар пакеттер көмегімен жүзеге асыру мүмкіндіктері берілген.

This article discusses the possibility of using information and communication technologies in the course of teaching the theory of probability and statistics in laboratory work. Possibilities of implementation of probabilistic and statistical methods using various software packages.

В современной жизни, благодаря возникновению и совершенствованию электронно-вычислительной техники, вероятностно-статистические методы широко внедрились в жизнь. Они используются в различных областях жизнедеятельности человека: биологии, медицине, банковском деле, страховании, управлении, инженерии, социологии, военном деле,

лингвистике и т. д. Многочисленные статистические программные пакеты сделали эти методы более доступными и наглядными, избавив исследователя от такой рутинной работы как вычисление различных статистик, параметров, характеристик, построение таблиц и графиков. Исследователю остается творческая работа: постановка задачи, выбор методов ее решения